

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№24				
Күндері	Дені саудың - жаны сау / В здоровом теле здоровый дух / A healthy soul is healthy				
Өтпелі тақырыптың атауы	14.02 - 18.02.2022				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жек е мешік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дүйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Гигиеналық дағдыларды сақтай отырып, балалардың сумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру (жеңдерін түріп, сулау және матаны сығу, қажет болса шаю және жуу).	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізуге және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсету, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына құрметпен қарау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары.	Құрылыс ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Қуыршаққа арналған спорт алаңы".	Суреттер қарастыру. Мақсаты. "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу.	"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу.	Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Зеңгір аспан көгілдір (қолдарын жан-жағына созып, жоғары көтереді). Алтын күні төрінде (қолдарын алға созып, жоғары көтереді). Тамылжытып төгіп тұр (қолдарын түсіреді), Шаттық сыйлап көңілге (жүрек тұстарын ұстайды). Көк аспандай көгілдір (қолдарын жоғары көтереді). Қазақстан байрағы (қолдарын жоғары көтерген күйі, оңға-солға тербеледі), Тұрса күндей төгіп нұр (бір-бірімен қол ұстасады).				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану мәдениетіне оң көзқарас қалыптастыру; үлкендердің денсаулықты күтімі мен ұқыптылық ережелерін сақтауға байланысты іс-әрекеттерді мақұлдайтынын және салақтықты, жинақы емес іс-әрекеттерді айыптайтынын түсіндіру.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: дене мүшелер жайлы білімдерін толықтыру.	"Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші" дидактикалық ойыны. Мақсаты: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру.	"Спортшыл отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	Отбасындағы сыйластық туралы әңгімелесу.	"Отбасында кім қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойыны.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Доп" тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты. Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту. <i>Дамытушы ойын. "Артығын тап".</i> Сурет салу "Текшелер". Мақсаты. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең сызық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру; текшені салуда бір-бірінен сәл алшақ орналасқан тік сызықтардың үстіңгі және төменгі ұштарын көлденең түзу сызықпен қосуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".</i> Дене шынықтыру "Салауатты өмір". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету. <i>"Допты қуып жет" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Күлкі - шаттық шуағы". Мақсаты. Балаларды күлкі туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға дағдыландыру; ырғақтық қимылдарды тез қабылдауын және әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтауын дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуін әрі қарай жаттықтыру; музыкалық шығармашылығы пен сауаттылығын қалыптастыру. <i>"Күлдіру" ойыны.</i> Математика негіздері "Спортшылар бәріміз" Мақсаты. Балалардың екі тең не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. <i>Панно алдындағы зерттеу жаттығулары. "Ұзындығы бірдей таспаларды табайық".</i> Вариативті компонент Дидактикалық ойындар	Көркем әдебиет "Кім күшті?" Мақсаты. Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Өлеңдегі табиғат құбылыстарын тап".</i> Дене шынықтыру "Шынықсақ - шымыр боламыз". Мақсаты. Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және денсаулық туралы білімдерін толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру. <i>"Кенгуру" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану "Емдік есімдіктер". Мақсаты. Емдік есімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. <i>"Емдік қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.</i> Орыс тілі "Угощения для Даны". Продукты. Цель. Учить произносить слова на русском языке по теме «Продукты», правильно расставляя ударения; в процессе игр, отвечая на вопросы, учить строить простые предложения, четко проговаривать новые слова с правильными падежными окончаниями. <i>Упражнение "Что купили в магазине?".</i>	Жапсыру "Жиналған ойыншықтар". Мақсаты. Балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенінен бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды салыстыру амалдары жөнінде білімдерін бекіту. <i>Саусақ жаттығуы.</i> Дене шынықтыру "Кенгуру секілді секіреміз". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; балаларда бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. <i>"Кім көп доп жинайды?" қимылды ойын.</i>
----------------------------------	--	---	--	---	---

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Қарғаны бақылау. Мақсаты: қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). Мақсаты: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". Мақсаты: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.	Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. Мақсаты: қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау). Мақсаты: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.	Ұлпақарларды бақылау. Мақсаты: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды қардан тазарту). Мақсаты: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". Мақсаты: заттарды бұзып алмай, қар ғимараттары арасында бірінің артынан бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" Мақсаты: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.	Қыстап жатқан құстарды бақылау. Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштардың айналасына қар күреу). Мақсаты: еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, Мақсаты: жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.	Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты: айналадағы өзгерістерді байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (барлығы бірге ұйымдасып жолды қардан тазартуға үйрету). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс				
Үйге қайту	Ата-анамен жұмыс				

Тексерген:Бекишева М.А